

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Пьер Бурдьё: Құрылым мен габитус





Мақсаты: Пьер Бурдьёнің габитус және құрылым теорияларының концептуалды ұғымдарымен танысу.

Тірек сөздер: құрылым, габитус, тап, әдет, жүзеге асыру, тәжірибе т.б.

Біз американ ғалымдары Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясымен таныстығымызды жалғастырамыз. Антологияны құрастырушылар оқырмандарына Пьер Бурдьёнің «Құрылым мен габитус» эссесін талқылауды ұсынады. Біздің бүгінгі дәрісіміз осы тақырыпқа арналмақ.

Бурдьё Пьер (1930–2002) – француз ғалымы. Негізгі жұмыстары білім беру, ағарту, өнер, тіл мәселелеріне арналған. П. Бурдьёнің көзқарастарына К. Маркс, М. Вебер ілімдері ықпал етті. Оның «Алжирдегі әлеуметтану» (1961), «Алжирдегі еңбек пен еңбеккерлер», «Әлеуметтанушының кәсібі» (1968), «Ұдайы өндіріс» (1970), «Айырмашылық» (1981), «Әлемнің қайыршылығы» (1993) және т.б. еңбектері бар. Француз зерттеушісі Пьер Ансар П. Бурдьё көзқарастарын «генетикалық структурализм» деп атады. Пьер Бурдьёнің әлеуметтанулық ілімінің негізгі ұғымдары: «кеңістік», «алаң», «символдық зорлық», «білімсіздік», «габитус». Қоғам – өзіндік билікке тән әртүрлі алаңдардан тұратын қарым-қатынастар жиынтығы деп анықтады.

Белгілі структуралист К. Леви-Стросс зерттеулерді «құрылымдық элементтерден олардың арасындағы қарым-қатынастарға қарай» бұрса, Бурдьё құрылымдықтағы қарым-қатынастардың жүйе элементтерінен басым болу жағдайына арнайы тоқталады. Құрылымның осы ерекшелігіне басымдық береді және ол тұжырымын Бурдьё «габитус» сөзі арқылы береді. «Габитус» сөзінің лұғаттық мәні латын тіліндегі *habitus* – яғни сыртқы көрініс, сыртқы бейне дегенге мағынаға келеді. Ал тілдік емес, терминдік тұрғыдағы бұл сөздің мағынасы әр алуан. Негізінен, габитус бұл жерде – ойды, пайымдауды, іс-әрекетті, түрлі қоғамдық ұжымдық жайттарды тудырудың жиынтық белгісі ретінде алынып отыр. Демек, ғалым тұжырымдамасында габитус түйіндей айтқанда «әрекеттер теориясы». Кезінде Аристотель бұл турасында, яғни габитустың мағыналық контексіне икемділік және қабілет ұғымдарының да кіретінін атап өткен болатын.

Сонымен негізінен маркстік тұжырымдарды басшылыққа алатын әлеуметтік теоретик Пьер Бурдьёнің 1972 жылы жарияланған «Тәжірибе теориясы» атты көлемді еңбегінде әлеуметтік практиктер әлеуметтік құрылымды қалай қайталап жатқаны туралы сөз етіледі. Біз іс-әрекеттерді әлеуметтік тәртіп біздің жеке іс-әрекеттерімізге негізделетіндей етіп көрсетуге бағытталған құрылым ішінде өмір сүріп жатырмыз. Мәселен, даталау тәжірибесі қоғамның гетеронормативті болжамдарын қайталады. Онымен байланысты қалың мал немесе неке жүзігі секілді тәжірибе жынысқа қатысты болжамды білдіреді.

Бурдьёнің дәлелі классикалық тұрғыдан диалектілі сипатта деп көрсетеді Д. Ривкин мен М. Райан. Диалектілік тұжырымға сүйенсек, кез келген жүйе бастапқы алғышарттар негізінде әрекет етеді. Жүйе болса қайтадан бекітіліп, осы алғышарттарды қайталайды. Марксистік диалектика аясында капитализмді эксплуатациялауға мүмкіндік беретін жорамалдар – әсіресе, өз еңбегінің өнімінен жұмысшыны ажырату – капитализмнің қалыпты қызметі арқылы көрінеді. Бурдьё мұндай диалектілік ерекшеліктерді әлеуметтік әрекеттердің барлығында байқалады деп есептейді. Өзінің жоғары бағаланған айырмасында, мәселен, талғамды зерттеуде ол әрбір әлеуметтік таптың жергілікті мәдениеті адамдарды мәдени құндылықтарға қатысты мәселеде талғамның белгілі бір түрін игеруге үйретеді. Д. Ривкин мен М. Райанның сөзінше, осы талғамдардың тәжірибесі – адамның мәртебесін сақтауда немесе мәдени орындар мен тауарлардың иерархиясында қандай деңгейде екенін көрсетеді.

П. Бурдьёнің жұмысын талқылауға кірісе отырып, оның теориясындағы кейбір тірек ұғымдарды қарастыруымыз керек. Оның біріншісі – құрылым – алдыңғы тәжірибе арқылы жүзеге асатын іс-әрекеттер мен танымдар, қабылдаулардың жалпы сызбасы; құрылымның екі көрінісі бар: материалды ресурстар мен әлеуметтік құндылықтарды бөлуде көрінетін «бірінші кезектегі ақиқат» ретінде және ойлау, тұжырымдау, бағалау формаларында көрінетін «екінші кезек ақиқаты» ретінде. Екінші концептуалды ұғым П. Бурдьё еңбегінде «габитус» деп аталған. Габитус дегеніміз – жүре пайда болған және көпшілікке таралған сызбалар жүйесі. Олар қабылдау және бағалау категориялары ретінде тәжірибеде қолданылатын шарттарды қолдайды.



Жалған дилемма: механизм және финализм. Габитусты өндірудің құралы ретіндегі белгілі бір типті көрсететін құрылым – ұзақмерзімді жүйелер; олар тек құрылымдалған құрылымда ғана қолданыла алады. Былайша айтқанда, генерация ұстанымдар мен тәжірибелердің құрылымы ретінде қолданылады.

Мақсат – айқын әрі нақты қалыптастырылған стратегия, тәжірибе, бекітілген габитус арқылы жүзеге асырылып, күтілмеген және үздіксіз өзгеріп отыратын ситуацияларды орындауға мүмкіндік береді. Алайда стратегиялар тек болашақта айқындалатыны, олар мақсаттың мәні болып табылатыны – осының бәрі иллюзия. Объективті құрылымдарды жүзеге асыруға талпына отырып, олар қалыптасу шарттарымен анықталады, яғни болашақ нақты нәтижелер өткенмен байланысты.

Әлеуметтік құрастырылған когнитивті және уәждемелі құрылымдар жүйесі ретіндегі габитус пен агенттердің мүдделерін белгілейтін әлеуметтік-құрылымды жағдаяттар, сондай-ақ объективті іс-әрекеттер мен субъективті уәждемелер арасындағы байланысты айқындап алу керек. Бұл Вебер көрсеткен, заңды немесе қалыпты норма – тәжірибені анықтаудың екіншілік ұстанымы, ал бірінші ұстанымы бойынша мүдде сәтсіздікке ұшырап тұрғанын дәлелдейді.

Объективті шарттарды (ғылым статистикалық заңдылықтарды ықтималдылық деп қабылдайды) нақтылай отырып, диспозициялар талпыныстар мен объективті талаптармен сай келетін тәжірибелерді қалыптастырады, ал ықтимал емес тәжірибелерді мүлдем қарастырмайды.

Ғылыми бағалауға қарағанда (әрбір эксперименттен кейін қатаң есептік ережелерге сай реттеліп отыратын), тәжірибелік бағалау бұрынғы тәжірибеге айтарлықтай, бірақ тепе-тең емес ықпал еткен: құрылымына экономикалық және әлеуметтік қажеттілік арқылы автономды отбасылық қатынастарға (еңбекті гендерлік бөлу, тәрбие, қамқорлық, ұрыс, талғам т.б.), нақтырақ айтсақ, габитустың құрылымына өтеді.

Сөйтіп, гистеристік нәтиже ретінде тәжірибе негативті санкцияларға ұшырауы мүмкін. Сондықтан ұрпақтар арасындағы шиеленістер топтардың жас ерекшеліктеріне қарай емес, габитустар арасында туындауы мүмкін. Габитустар әртүрлі табиғи қасиеттер арқылы туындайды.

Құрылымдар, әдеттер мен тәжірибелер

Реттеліп отыратын импровизация ұстанымы арқылы қалыптасқан габитус, әдетте, имманентті заңдылықтарды өндірістің объективті шарттарынан жаңғыртып, объективті ықтималдылықтар ретінде кейбір талаптарға бейімдейді. Бұдан шығатыны – тәжірибе ынталандыру сомасы арқылы айқындалатын объективті шарттардан туындайды. Бұл тәжірибелерді объективті құрылымдарды салғастыру арқылы түсіндіруге болады.

Тәжірибеде, бұл дегеніміз – табиғатқа айналған габитус, тарих, яғни екі жүйенің арасындағы байланыс арқылы жүзеге асуы. Санасыздық дегеніміз – тарихты ұмыту: «... біздің әрқайсымыз белгілі бір деңгейде кешегі өткен адамның бір бөлігіміз; кешегі адам – бізден жоғары әрі артық, себебі, қазіргі сәт өткенмен салыстырғанда аз мөлшерде. Алайда біз өткеннің адамын сезіне алмаймыз. Өйткені, ол біздің құрылымымызға әбдеп кірігіп кеткен, біздің ажырамас бөлігімізге айналған. Сол себепті, біз өткенді есепке алуға үйренбегенбіз. Керісінше, біз өркениеттің соңғы жетістіктері туралы жақсы білеміз, себебі олар күні кеше ғана өтіп, біздің санамызда орнығып үлгермеді».

Санасыздықтың туындауы – объективті ойлануды қажет етеді. Ол тарихтың өнімін қабылдай отырып, қайта қалпына келтірілген үйлесімділіктің құпиясын объективті мағына ретінде түсінуге септігін тигізеді.

Әрбір агент саналы түрде немесе еріксіз – объекті мағынаны тудырушы әрі өндіруші болып саналады. Оның іс-әрекеті мен еңбегі – іс-әрекеттің өнімі болып табылады. Сондықтан бұнда белгілі бір объекті мақсат болады. Ойлау мен сөйлеу – реттеліп отыратын импровизацияны құруға негіз болады.

Егер өткір сөздер авторды ғана емес, оның аудиториясын да өзінің ретроспективті қажеттілігімен және жаңашылдығымен таңғалдырса, жаңалық – жай ғана, кездейсоқ ашылу



емес, құпия мүмкіндіктердің кенеттен туындауы болып саналады. Бұның туындау себебі – субъект не жасап жатқанын және не мақсатта жасап жатқанын білмейді. Габитус – бірізді делдал ретінде ешқандай себеп не мақсатсыз іс-әрекетті жүзеге асыра алады. Тәжірибенің бұл бөлігі өндірушінің көзінен жасырын болып, басқа тәжірибелерге бейімделеді.

Габитустың қиысу себептерінің бірі – саналы ойды қалыптастыру, яғни агенттердің тәжірибелерінің үйлесім табуы.

Габитустың біртектілігі – агенттердің тобындағы жоғары сызбалар – өндіріс пен интерпретация. Соның салдарынан тәжірибе барлығына түсінікті болып, қалыпты құндылық сияқты қабылдана бастайды.

Бұл тәжірибелік түйсінудің өмірдің қалыпты жағдайынан бас тартып, бөгде тәжірибенің нюанстарын талдау арқылы «ниет» пен «басқаға әдейі өтуді» болдырмайды. Автоматты және жақсыз, қарапайым тәжірибелерді түсінуге болады: объективті ниет – бұл агенттің ниетін қайта жандандыру емес. «Саналардың коммуникациясы» дегеніміз – бейсананың бірлестігі (тілдік және мәдени бейсана).

Габитус тобының немесе типінің объективті біртектілігі – олардың өмір сүру шартының біртектілік нәтижесі болып, тәжірибені белгілі бір есепке құрмай немесе саналы түрде объективті үйлестіруге мүмкіндік береді.

Егер белгілі бір топ не таптың мүшелері бір-бірімен келісілген болса, бұл – олар өздерінің заңдылықтарына сүйене отырып, басқалардың пікірін мойындады деген сөз. Габитус – әрбір агенттің бойында ерте жастан бастап қалыптастырылған имманентті заңдылық, тәжірибені үйлестіруге алғышарт болып табылады. Түзету мен реттеу агентті саналы түрде және өздігімен дағдыны қалыптастыруға тәрбиелейді.

Осылайша, олар бейімділіктің өнімі болғандықтан, бір топ немесе дифференциалды қоғамның мүшелерінің тәжірибелері біртекті және жүйелі мағынаға ие болады.

Қысқаша айтқанда, габитус – тарихтың өнімі, жеке тұлғалық және ұжымдық тәжірибені жүзеге асырады. Демек, тарих тудырған белгілі бір сызбаға сай тарихты қалыптастырады.

Диспозициялар жүйесі – бүгінгі күні тіршілік етіп қоймай, өзін болашақта да танытып, бүгінгі тәжірибеге айналып отырған өткен тарих болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекеттер оқиғаны қалыптастырады немесе оның өнімі болып табылады деп айтсақ, әрі дұрыс болады, әрі қате болады. Объективті түрде үйлестірілген тәжірибені ұжымдық іс-әрекеттерге трансформациялау қабілеті өзара диалектілік сипатта. Бір жағынан габитус тұрақты, мобилді диспозициялар жүйесі ретінде қабылданып, өткен тәжірибені интеграциялап, қабылдау, бағалау және әрекет матрицасы ретінде қызмет етсе; екінші жағынан – шартты наразылық тудыруға септігін тигізетін объективті оқиға болып табылады.

Белгілі бір габитустың артта қалуы – олардың мүмкіндіктері мен күйінің құрылымдық артта қалуы. Бұл дегеніміз – жіберіп алынған мүмкіндіктерге себеп бола алады.

Габитус және тап

Габитус – ендіру және иелік ету жұмыстарының бірден-бір нәтижесі болып табылады. Ұжымдық тарихтың, объективті құрылымның өнімі (мәселен, тіл, экономика т.б.) өзін-өзі көрсетуде организм ретінде (индивидуум) және материалды жағдайларда табысқа жетеді.

Әлеуметтану – бүкіл биологиялық жаратылыстарды бірдей, объективті жағдайлардың өнімі деп қарап, бір габитусқа жатқызады. Объективті анықтамалар жүйесі ретінде түсіндірілетін әлеуметтік тап индивидпен немесе таппен емес, габитус тобымен, диспозициялар жүйесімен сәйкесуі керек. Десек те, бір тап мүшелерінің тәжірибелері бірдей болуы мүмкін емес, бірақ олардың әрқайсысы өздеріне үйреншікті болған біркелкі жағдаяттарға тап болуы мүмкін.

Ғылым статистикалық заңдылықтар ретінде танитын объективті құрылымдар (мәселен, жұмыспен қамтылу деңгейі, кіріс кестесі, орта білім алуға қолжетімділік т.б.) әлеуметтік ортаға «жабық есік», «тығырық», «болашақ» секілді бейнелерді қалыптастырады. Габитустың таптан және органикалық индивидуалдықтан айырмашылығын анықтау үшін габитусты субъективті құбылыс ретінде қарастыру керек, яғни габитусты тап мүшелерінің объективизация мен өзін-өзі тануына шарт болып табылатын идеялар мен іс-әрекеттер сызбасы, құрылымдар жүйесі



деп қарау керек. Біртектілік аясындағы әртүрлілік қатынасында әртүрлі топ мүшелерінің габитустары бірыңғайланып, бірігеді. Жеке тұлғаның тарихы – ұжымдық тарихтың белгілі бір ерекшелігі болып табылады. Сондықтан диспозициялардың жекелік жүйесі – бүкіл бір топ немесе таптың құрылымдық нұсқасы болып саналады.

Жеке тұлғалық айырмашылықтар ұстанымы – құрылымдық ретті сериялардың өнімі бола отырып, габитус өзгеше интеграцияланады. Отбасында қалыптасқан габитус – оқу тәжірибесін құрастыруға негіз болған (негізінен, педагогикалық хабарларды меңгеруде). Содан кейін габитус мектеп біліміне трансформацияланады, содан кейін ары қарай басқа құрылымдарға өте береді.

Объективация мен нақтылау диалектикасы

Білім беру жүйесіне ерекше, автономды тәжірибе мәртебесі берілмейінше, олар шартты түрде құрылымдық орта болып саналады. Онда арнайы агенттер мен нақты сәттер болмайды.

Бала «үлгіні» емес, адамдардың іс-әрекеттерін көшіреді. Адамның тәні белгілі бір тәсілдер жүйесімен байланысты. Тәсілдер жүйесінің әлеуметтік мағыналары мен мәндері болады: бүкіл қоғамда балалар ым-ишараттар мен жүріс-тұрысқа мұқият бақылау жасап, соған бейімделіп, қайталайтыны белгілі: жүру ерекшелігі, басты қисайтып ұстау, бет-жүзіндегі қимыл-қозғалыстар, сөйлеу стилі т.б.

Тәжірибеден тәжірибеге өтетін жүйе тұжырымдау мен саралаудан өтіп, қателіктер мен сынақтар жасау арқылы механикалық оқу болып саналады. Ретті түрде меңгеруге болатын ретсіз фигуралар түріне қарағанда, кейбір сынақтар жүргізу және қателіктер жіберу арқылы белгілі бір прогреске жетуге болады. Себебі мақал-мәтелдер, максимлер, өлеңдер, жұмбақтар немесе ойындар; үй немесе ауыл; сыйлық алмасу және ғұрыптар т.б. – ретті тәжірибенің ұстанымдарын жүйелі түрде қолдану өнімі ретінде бала меңгеруі тиісті материалдар болып табылады.

Ғалымның пікірінше, құрылым габитус арқылы бейімдеулер мен шектеулердің көмегімен тәжірибені басқарып отырады. Белгілі бір нақты жағдайларға бейімделген сызбалар жүйесі ретінде габитус осы жағдайларға сай келетін іс-әрекеттер мен ойларды туындатады. Егер адам баласы детерминизм мен еркінділік дилеммасына ене алмаса, бұл қарама-қайшылықты нәтижені көзге елестету тіптен мүмкін емес.

«Құрылым мен габитус» эссесінің соңында әлеуметтанушы Пьер Бурдьё габитус ұғымына қатысты маңызды тұжырымымен бөліседі. Габитус – шектері тарихи және әлеуметтік тұрғыдан детерминацияланатын өнімдерді (ойлау, қабылдау, сөйлеу, әрекеттер) тудырудың мүмкіндіктер алаңы бола тұра, бұл контексте күтпеген жаңалықтар тудыра алмайды. Тіпті бастапқы шарттарды механикалық тұрғыдан жүзеге асыра да алмайды.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Құрылым мен габитус бір-бірімен өзара қалай байланысады?
2. Габитустың таптан айырмасы неде?
3. П. Бурдьё қазіргі білім беру жүйесінің кемшіліктері неде деп есептейді?

Әдебиеттер:

Bourdieu Pierre. Structures and the Habitus// Bourdieu Pierre. Theory of Practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 1977. – P. 72-95.